

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы
«Балапан» аралас кінші тобының апталық (30.10-03.11.2023ж) циклограммасы (I-апта)

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Балапан» аралас тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10-03.11 2023-2024 жыл

Тәрбиешілер: Қунабаева А.Ж Камысбаева М.К

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.10.23	Сейсенбі 31.10.23	Сәрсенбі 01.11.	Бейсенбі 02.11.23	Жұма 03.11.23
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қылығышыллығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жүк көлігі не жекелі? дамытушы ойыны. Максат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады. - Бұл ненің дыбысы? - Бұл ненің жүрісі? Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар!	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Максат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды.	"Көгөністер дүкені" ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар: - Көгөністер сатып алуға келдік.	Саусақ жаттығуы. Максат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың?" (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың?	Пазлы жинау. "Қарбыз". Максат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға

	Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді? (сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) (ерте жас)	Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішінінің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. (сенсорика) (ерте жас)	Сатушы: - Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көңілсіздерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? Жұмбақтар. Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжалырақ.) Ашулы қонақ бұл анық, Тонып шешсе, жыладық. (Пияз.) (сөйлеуді дамыту, құрастыру, сурет салу) (кіші жас)	- Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Доп-ботка жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. (сөйлеуді дамыту) (кіші жас)	жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады. (сенсорика) (ерте жас)
Танертенгі жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1. "Керілу жаттығулары". Бастапқы калып: аяқты бірге немесе нық деңгейіне сай қою. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы калыпқа оралу, тыныс алу. 2. "Қол және ныққа арналған жаттығулар". Бастапқы калып: аяқты нық деңгейіне сай қою. Қолды ныққа қою. Қолды ныққа қарай інген күйде айналдыра қозғау. Түзу тұрған қолды айналдыру. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады. 3. "Аяққа арналған жаттығулар". Бастапқы калып: аяқты нық деңгейіне сай қою. Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) (мадени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

Таңғы ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді. Дана, басқалардан қалма, Ананның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Не әкелдің, жомарт күз? - Бір қап көгөніс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Дәмі тәтті жеміс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Саңырауқұлақ пен жанғақ. - Не әкелдің, жомарт күз? - Суық жел әкелдім, алтын жапырақ. Жанбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім. Абайлаңдар! Қысқа дайындайыңдар! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру. "Торғай секілді секірейік".	Музыка Пед.жетекші жоспарымен	Дене шынықтыру "Домалайды алмалар". Максат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Күнге ұқсаймыз". Максат-міндеттері.	Вариативка «Тақияларды топтау» Пішіні әр түрлі

Максат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Торғай секілді секіреміз" ойыны. Максат-міндеттері. Таяқшалардан екі аяқты қосып секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (кіші топ)	"Тұлпарым" Максат-міндеттер. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоцияланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру. (кіші топ) Диагностикалық ойын "Ғажайып қап". Міндеттері. Қаптан шығарылған ойыншыққа (суреттерге) қарап, олардың атауын атауға талпындыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) (ерте жас)	Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалату дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. "Домалайды алмалар!" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Алмаларды домалатуды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (кіші топ)	Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлиық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу. "Аттап жүгірейік". Балаларды заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен оқу қызметін қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін	таяқшаларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету; күнделікті қолданылатын заттармен салыстыра білуді меңгерту. Үйренген сөздерін толық меңгеріп, қолдануға жаттықтыру, ұлттық киімдерге құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын: «Киім дүкені» Мүсіндеуден ойын жаттығу "Тиінге жанғақ". Максат-міндеттері. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жанғақ" деп атауды үйрету; жанғақты "тиінің көрегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымды мен зейінін дамыту; аңдардың
---	--	---	---	--

				жетілдіру, балалардың жалпы дамыту жаттығулары арқылы тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. "Бидай шашам қаптардан" ойыны. (кіші топ)	күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту. (ерте жас, кіші топ)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен кіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуенге қызығушылық тудызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Ауа-райын, аулаға ұшып келетін құстарды бақылау, күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, дене шынықтыруға баулу Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Еңбек: Ересектің көмегімен қарапайым тапсырмалар, ойын аланың таза ұстауға баулу, жағымды көңіл күйге бөлеу. Қимылды ойындар: Мысық пен тышқан, Қуыспас, Кім жылдам? Ластыр да қағып ал. Қояндар. Мақсаты: балаларды бірігіп ойнауға тәрбиелеу.				

Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен. Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұлымсыз. Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-жұсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды.	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайсалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар. Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, көзгілмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинау.	Ақшыл бұлтты бақылау. Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұл нелер? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Міндеттері. Балаларды ересектің	Ұшқан құстарды бақылау. Балалардың көңілдерін жылы жауқа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер? - Иә, бұл құстар. - Құстар үйірімге жиналып, жылы жауқа ұшып жатыр. - Аспанда бір ғана құс па? - Құстар көп. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке
--	--	--	---	--

түймелерді, тиекті. Шикылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Максат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды сиппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру	- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Максат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап	Максат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қаздар" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүтіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар	үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қонырауым қайда?" қимылды ойыны. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүтіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қонырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қонырауды қолға алады. Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоныраудың орнын ауыстырып	тәрбиелеу. Ескен Елубай "Құстар". Құстар, қайтып келіндер! Қимас әнге салалы, Құстар қайтып баралы. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. - Барлығымыз құстарға "бізге келіндер" деп айтайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Міндеттері. Балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қораз" қимылды жаттығуы. Балаларды қораз (әтеш)
--	--	--	---	--

	дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" кимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (кіші жас)	беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының жаңғақтары да піседі. - Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді. Балалар біресе жүріп, біресе тоқтайды, қолдарын жоғары созады, аяқтың ұшына тұрады, қайта тұрып, ары қарай бағытттайды. Орманмен жүрейік,	боласыздар. Мені мұңият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпіт берші дейсің	жасыралы. "Аюдың орманында" кимылды жаттығу. Балалардың бір-біріне қыстығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру) (ерте жас)	қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар, мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз. Жарайсыңдар! - Қанекей, балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қораз сияқты қимылдайық. Д. Ахметова "Қораз". Қораз! Қораз! Тымдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. - Жарайсыңдар! - Балалар, қораз қалай дыбыстайды?
--	--	---	--	--	---

		Жаңақтарды терейік. Бір жаңақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан- жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова "Шенберге дәлде" ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік кабілеттерін дамыту (кіші жас)	бе? - Жок, жоқ, Кәмпіт, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. "Тегіс жаламен жүреміз" ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Максат-міндеттері. Бірге, тату ойнауға, ойыншықтарға таласпай ойнауды үйрету. (кіші жас)	- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шенберден шықпа" жаттығуы. Балаларды шенберге тұрып, шенбердің бойымен қимылдауға баулу; көңілділікке, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру) (ерте жас)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта көзін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, кизон үйрету. (дербес ойын әрекеті).			
Түскі ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыс алмаймын,» - дейді. - Дана, басқалардан қалма,			

	Анаңның мазасын алма, Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Қоян" тақпақ. Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетің жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек. Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүрту. "Денсаулық жолдарымен" жалаңаяқ жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Бесін ас	"Біз қалай тамақтанамыз?" ойын жағдаяты. Дастарқан басында тыныштық сақтау, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың жалпақ жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануды үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көкөністер" дамытушы ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға көкөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпіншілерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көкөністердің нақпіншілері. Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, піяз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. "Көкөністер" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әнінің сөздерін қайталауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық дағдылар) (ерте жас)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Балапан". Максат-міндеттері. Балаларды ойыншық мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту. "Балапандар" қозғалыс ойыны. Педагог: - Балалар, сендер балапан боласыздар. - Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу. - Балапандарым, аулаға шығындар. Педагог балаларды өзіне	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Максат-міндеттері. Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Күн". Максат-міндеттері. Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көкөністер". Максат-міндеттері. Балаларды жеміс және көкөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру. "Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны. Максат-міндеттері. Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру. "Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық
---	---	--	---	--	--

		карай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіндер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіндерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру. - Балапандар! Өне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріндер! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды. Ойынды екі рет өткізуге болады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) (ерте жас)	дамыту. "Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Максат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. "Жемістер" дамытушы ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтықсуға ынталандыру, нақпіншілерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, еске сақтауға баулу. Құралдар: жемістердің нақпіншілері. Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) (кіші жас, ерте жас)	жарық беру қасиеті туралы түсінік беру. "Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Максат-міндеттері. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендіру. Ұқастықтарды және айырмашылықтарды табуы үйрету. "Біз шалқандай өстік" Максат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергіту. "Біз шалқандай өстік". Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады. Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру).	ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені киігіземіз? - Қайда киігіземіз? Көрсетіндерші. Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің
--	--	--	--	---	---

				Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұзғадық (қолдарды бұзғу), Қайта жерге отырлық (қайта отыру). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) (кіші жас)	барлығы аталуы керек. (сөйлеуді дамыту) (кіші жас, ерте жас)
Баламен жеке жұмыс	"Көкөністер". Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Жемістер". Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағалы. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Алма". Мақсат-міндеттері. Ермексаздың шарды ылғау амалын игерту. (мүсіндеу)	С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламышы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке және жалпы әңгімелесу. (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсат-міндеттері. Балаларды серуенге шығуға ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің жүйе бойынша киюлерін қалағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау жұмысын бақылау; еңбекқорлыққа баулу. Қ. Мырза Әлі "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді,	Ағаштарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқау; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларға жапырақтарға қарап, желдің соққанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлдылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова "Қаздар" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір-біріне соғылмай, жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-	Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын екі жаққа жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар,	Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табаны кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде
--------	---	---	--	---	--

тисекті. Шикылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ыргакпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, айналадағы кеңістікті бағдарлауға баулу,	қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жанғақтарды күзде пісетіні туралы түсініктер қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының жанғақтары да піседі. - Қанекей, балалар, піскен жанғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жанғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді. Жүріп, тоқтап, қолдарын жоғары созып, аяқтың ұшына тұрып, қайта тұрып, әрі қарай бағыттады. Орманмен жүрейік, Жанғақтарды терейік. Бір жанғақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан-жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова	жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру, айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыздар. Мені мұңият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, жан-жаққа бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым".	Жайылады жан-жаққа. "Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіру дағдыларын жетілдіру. Табакшада жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	нелер жымсырылды? "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ...
---	---	--	---	--

	топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	"Шенберге дәлде" ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды нысанға (құм салынған қап) дәлдеп атылу, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.	- Қазым, қазым, қыркылда, Қолде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсін бе, Кәмпіт берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпіт, тәтті болмайды әс, Арпа менен бидай шаш. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Максат-міндеттері. Балаларды барлығы бірге қосылып тату ойнауды, ойыншықтармен бөлісуді үйрету.	Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жаста не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүтіруге дағдыландыру; тейінді болуды үйрету, қимыл шапшаңдығын
--	---	--	---	---

					дамыту, достыққа тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"				

Тексерді: *Б.Әділ* Әдіскер: